(немесе) оның қауіпсіздігінің бұзылуы салдарынан Ұлттық орталыққа залал келтірілген жағдайда, Қатысушы Ұлттық орталыққа осындай бұзушылық салдарынан келтірілген, құжаттармен расталған нақты залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шектерде өтейді. 6.8. HSM ES жүйесінің жұмыс істеуін бұзған күтпеген жағдайлар туындаған кезде Тараптар HSM ES жүйесінің жұмысын қалпына келтіру және Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылуы салдарынан келтірілген залалды азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды. 6.9. Ұлттық орталық Қатысушының жұмысы барысында туындауы мүмкін, егер олар Ұлттық орталықтың бақылауында болмайтын мән-жайларға байланысты болса, кез келген кедергілер, бұрмаланулар, үзілістер немесе кідірістер үшін жауапкершілік көтермейді. Мұндай мән-жайларға мыналар жатады: бөлінген байланыс желілерінің үзілуі немесе сапасының нашарлауы; Ұлттық орталықтың қызмет көрсетуші персоналымен келісілмеген аппараттық немесе бағдарламалық өзгерістер енгізу, парольдерді қайта орнату және Қатысушының өзге де әрекеттері. 6.10. Тараптар HSM ES жүйесін пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуы және криптографиялық кілттердің қорғалуы үшін өздерінің жауапкершілік аймақтары шегінде жауапкершілік көтереді. 6.11. Тараптардың бірі Шарттың 7-бөлімінің талаптарын бұзған жағдайда, құпия ақпаратты жария еткен Тарап құпия ақпараттың жария етілуі салдарынан туындаған залалды толық көлемде өтейді. 6.12. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.	в работе Платформы и (или) нарушения его безопасности, допущенных по вине Участника, Участник возмещает Национальному центру реальные документально подтвержденные убытки, причиненные таким нарушением, в порядке и пределах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. 6.8. В случае возникновения непредвиденных ситуаций, нарушивших функционирование HSM ES, Стороны принимают все возможные меры по восстановлению работы HSM ES и уменьшению убытков, причиненных нарушением обязательств по Договору. 6.9. Национальный центр не несет ответственности за любые помехи, искажения, прерывания или задержки, которые могут происходить во время работы Участника, если они зависят от обстоятельств, не находящихся под контролем Национального центра. Под такими обстоятельствами понимаются: обрыв или деградация выделенных линий связи; аппаратные или программные модификации, переустановка паролей и другие действия Участника, не согласованные с обслуживающим персоналом Национального центра. 6.10. Стороны несут ответственность за соблюдение требований информационной безопасности при использовании HSM ES и защиту криптографических ключей в пределах своей зоны ответственности. 6.11. В случае нарушения одной из Сторон раздела 7 Договора Сторона, раскрывшая конфиденциальную информацию, возмещает в полном объеме ущерб, возникший вследствие раскрытия конфиденциальной информации. 6.12. Уплата суммы неустойки (пени) не освобождает Стороны от исполнения своих обязательств по Договору.
7.Ақпараттық қауіпсіздік, құпиялылық, банк құпиясын сақтау және дербес деректерді қорғау режимі 7.1.Тараптар дербес деректерді және өзге де ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден, жылыстаудан, араласудан, электрондық хабарламалардың мазмұнын өзгертуден және бұрмалаудан, оларды жария етуден немесе жоюдан қорғау үшін қажетті технологиялар мен ішкі рәсімдерге ие және барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асырады. 7.2. Тараптар оқиғалар журналдарын (логтарды), криптографиялық кілттермен жүргізілген	**7. Режим информационной безопасности, конфиденциальности, сохранения банковской тайны и защиты персональных данных** 7.1. Стороны обладают технологиями и внутренними процедурами и осуществляют все необходимые действия для защиты персональных данных и иной информации от несанкционированного доступа, утечки, вмешательства, изменения, искажений содержания электронных сообщений, их раскрытия или уничтожения. 7.2. Стороны обязаны обеспечивать хранение журналов событий (логов), аудиторского следа

операциялардың аудиторлық ізін және HSM ES жүйесін пайдалану кезінде қалыптастырылатын өзге де ақпаратты сақтауды қамтамасыз етуге міндетті. 7.3. Әрбір Тарап қорғалатын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтауға және оны жария етуден қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. 7.4. Тараптар Шарттың талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты ұсынушы Тарап құпия деп белгілеген кез келген ақпарат оны ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз жария етуге жатпайтынын мойындайды, мынадай жағдайларды қоспағанда: 7.4.1. Шартты орындау үшін тартылған персоналға ақпаратты ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерге құпиялылық талаптарын сақтай отырып және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана ұсынылуға тиіс; 7.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұрау салулары негізінде ақпаратты жария ету; 7.4.3. Алынған ақпаратты жария етпеу туралы олардың арасында жазбаша келісім жасалған жағдайда, Тараптар арасындағы контрагентке ақпаратты жария ету. 7.5. Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз құпия ақпаратты немесе осы бөлімде көрсетілген құжаттарды Шартты орындау мақсаттарынан өзге мақсаттарда пайдалануға құқылы емес. 7.6. Тараптар құпия ақпаратты оған заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан немесе таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға (немесе олардың қабылдануын қамтамасыз етуге) міндетті. 7.7. Құпия ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапкершілік көтереді.	операций с криптографическими ключами и иной информации, формируемой при использовании HSM ES. 7.3. Каждая из Сторон обязуется сохранять режим конфиденциальности в отношении охраняемой информации и принимает все необходимые меры по ее защите от разглашения. 7.4. Стороны признают, что условия Договора, а также любая информация, обозначенная предоставляющей Стороной как конфиденциальная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, не подлежит разглашению без письменного согласия предоставившей ее Стороны, за исключением случаев: 7.4.1. предоставление информации персоналу, привлеченному для выполнения Договора. Указанная информация должна представляться этому работнику конфиденциально и в той мере, насколько это необходимо для исполнения договорных обязательств; 7.4.2. раскрытия информации в случаях, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан или на основании официальных запросов уполномоченных государственных органов; 7.4.3. раскрытия информации контрагенту между Сторонами при условии заключения между ними письменного соглашения о неразглашении полученной информации. 7.5. Стороны не вправе использовать конфиденциальную информацию или документы, указанные в настоящем разделе, иначе как в целях исполнения Договора, без предварительного письменного согласия другой Стороны. 7.6. Стороны обязаны принимать необходимые правовые, организационные и технические меры (или обеспечивать их принятие) для защиты конфиденциальной информации от неправомерного или случайного доступа к ней, уничтожения, изменения, блокирования, копирования, предоставления или распространения, а также от иных неправомерных действий. 7.7. В случае разглашения конфиденциальной информации Стороны несут ответственность в соответствии с разделом 6 Договора.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе 8.1. Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарымен (бұдан әрі –	**8. Антикоррупционная оговорка** 8.1. Стороны подтверждают, что им известны требования законодательства и иных нормативных актов Республики Казахстан о противодействии коррупции (далее —

сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар) таныс екенін растайды. Тараптар осы Шартты орындау кезінде өз қызметкерлерінің, өкілдерінің және үлестес тұлғаларының, сондай-ақ Шартты орындау үшін тартылатын тұлғалардың аталған талаптарды сақтауын және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. 8.2. Әрбір Тарап екінші Тарапты және/немесе оның қызметкерлерін ынталандыруға бағытталған кез келген әрекеттерден, оның ішінде ақша, сыйлықтар беруден, жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындаудан немесе көрсетуден, сондай-ақ көрсетілген тұлғаларды тәуелді жағдайға қоюы және олардың екінші Тараптың мүддесі үшін әрекет етуіне ықпал етуі мүмкін өзге де тәсілдерден бас тартады. 8.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзу немесе қызметкерлердің, өкілдердің не үлестес тұлғалардың аталған талаптарды сақтауын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдамау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талаптарды бұзған Тараптың жауапкершілігіне әкеп соғады.	антикоррупционные требования). Стороны обязуются соблюдать и обеспечить их соблюдение при исполнении настоящего Договора своими работниками, представителями и аффилированными лицами, а также лицами, привлекаемыми для исполнения Договора. 8.2. Каждая из Сторон отказывается от любых действий, направленных на стимулирование другой Стороны и/или ее работников, включая предоставление денег, подарков, безвозмездное выполнение работ (услуг) либо иные способы, способные поставить указанных лиц в зависимость и повлиять на их действия в интересах другой Стороны. 8.3. Нарушение антикоррупционных требований или не принятие мер по их соблюдению работниками, представителями или аффилированными лицами влечёт ответственность нарушившей Стороны в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
9. Дауларды шешу тәртібі 9.1. Осы Шартпен реттелмеген HSM ES жүйесін пайдалану мәселелері бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қағидаларды және Ұлттық орталықтың Техникалық құжаттамасын басшылыққа алады. 9.2. Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. 9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында Ұлттық орталықтың орналасқан жері бойынша қаралады.	**9. Порядок разрешения споров** 9.1 По вопросам использования HSM ES, не урегулированным настоящим Договором, Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан, Правилами и Технической документацией Национального центра. 9.2. В случае возникновения разногласий и споров в процессе исполнения условий Договора, Стороны обязуются предпринять все необходимые меры для их урегулирования во внесудебном порядке. 9.3. Договор регулируется законодательством Республики Казахстан и в случае невозможности урегулирования споров в досудебном порядке, они будут рассматриваться в судах Республики Казахстан по месту нахождения Национального центра.
10. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) 10.1. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары, оның ішінде дүлей зілзалалар, апаттар, өрттер, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, кибершабуылдар, электрмен жабдықтаудағы кдірістер немесе оның тоқтатылуы, HSM ES жүйесіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін телекоммуникациялық инфрақұрылымның зақымдануы немесе істен шығуы, Тараптарға тәуелсіз мән-жайлардан	**10. Непреодолимая сила (форс-мажор)** 10.1. В случае возникновения обстоятельств непреодолимой силы, включая стихийные бедствия, аварии, пожары, массовые беспорядки, забастовки, военные действия, террористические акты, кибератаки, сбои или прекращение электроснабжения, повреждение или отказ телекоммуникационной инфраструктуры, обеспечивающей доступ к HSM ES, отказ оборудования и программного обеспечения, вызванный обстоятельствами, не зависящими от

туындаған жабдықтар мен бағдарламалық қамтылымның істен шығуы, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қабылдау, сондай-ақ Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге де төтенше және осы жағдайларда алдын алуға болмайтын мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптар осындай мән-жайлар әрекет ететін кезеңде Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігі болмаған Тарап осындай мән-жайлардың туындағаны туралы бұл туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты хабардар етуге, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және өз міндеттемелерін орындауды мүмкіндігінше тезірек қалпына келтіру үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдауға міндетті. 10.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімдері осындай мән-жайлар әрекет ететін кезеңге ұзартылады. Бұл ретте Тараптар аталған мән-жайлардың туындағаны және олардың әрекетінің тоқтатылғаны туралы бір-бірін дереу хабардар ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. 10.3. Егер Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген мән-жайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты бұзу арқылы оны одан әрі орындаудан соттан тыс тәртіппен біржақты бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір залалды өтеуді талап етуге құқылы емес. Шартты бұзу Тараптарды өзара есеп айырысуды жүргізу міндетінен босатпайды. 10.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын Тарап Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген мән-жайлардың басталғаны және тоқтатылғаны туралы екінші Тарапты дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге, сондай-ақ тиісті уәкілетті мемлекеттік органның растайтын құжатын ұсынуға міндетті. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді.	Сторон, принятие нормативных правовых актов Республики Казахстан, препятствующих исполнению обязательств по Договору, а также иные чрезвычайные и непредотвратимые при данных условиях обстоятельства, находящиеся вне разумного контроля Сторон, Стороны освобождаются от ответственности за полное или частичное неисполнение обязательств по Договору на период действия таких обстоятельств. Сторона, для которой создалась невозможность исполнения обязательств по Договору вследствие обстоятельств непреодолимой силы, обязана уведомить другую Сторону о наступлении таких обстоятельств в течение 3 (трех) рабочих дней с момента, когда ей стало известно об их наступлении, а также предпринять все разумные меры для минимизации их последствий и скорейшего восстановления исполнения своих обязательств. 10.2. Сроки исполнения обязательств Стороной, подвергшейся влиянию обстоятельств непреодолимой силы, передвигаются на период действия таких обстоятельств. При этом Стороны принимают необходимые меры для незамедлительного уведомления друг друга об этих обстоятельствах и прекращении их действия. 10.3. В случае если обстоятельства, указанные в пункте 10.1. Договора, будут длиться более 1 (одного) месяца, то Стороны имеют право в одностороннем внесудебном порядке отказаться от дальнейшего исполнения обязательств по Договору, расторгнув его. При этом ни одна из Сторон не будет иметь право требовать от другой Стороны возмещения каких-либо убытков. Расторжение Договора не освобождает Стороны от проведения взаиморасчетов. 10.4. Сторона, для которой станет невозможным исполнение своих обязательств по Договору, незамедлительно, но не позднее 3(трех) рабочих дней уведомит другую Сторону о начале и прекращении обстоятельств, указанных в пункте 10.1. Договора, а также предоставит подтверждающий документ соответствующего уполномоченного государственного органа. Факты, являющиеся общеизвестными, не требуют доказательств.
11. Электрондық хабарламалармен алмасу кезінде ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану	**11. Использование средств криптографической защиты информации при обмене электронными сообщениями**

11.1. Электрондық хабарламалармен алмасу кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сертификатталған және Ұлттық орталық Қатысушыға ұсынатын ақпаратты криптографиялық қорғау мен цифрлық қолтаңбаның бағдарламалық құралдарын пайдаланады және оларды электрондық хабарламалардың құпиялылығын, тұтастығын, авторлығын растауды және түпнұсқалығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп таниды. 11.2. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен тең деп таниды. 11.3. Тараптар электрондық хабарламалармен алмасу кезінде HSM ES жүйесін пайдалану барысында қолданылатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу құралдары мен шаралары, оның ішінде ұйымдастырушылық шаралар мен бағдарламалық-техникалық қорғау құралдары ақпаратты қорғаудың тиісті деңгейін және оның құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ететінін мойындайды.	11.1. При обмене электронными сообщениями Стороны используют сертифицированное в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, программное средство криптографической защиты информации и цифровой подписи, предоставляемые Участнику Национальным центром, и признают их достаточными для обеспечения конфиденциальности, целостности, подтверждения авторства и подлинности электронных сообщений. 11.2. Стороны признают, что электронный документ, соответствующий требованиям законодательства Республики Казахстан и удостоверенный электронной цифровой подписью лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе. 11.3. Стороны признают, что при обмене электронными сообщениями средства и меры предотвращения несанкционированного доступа к программно-техническим средствам, применяемым при использовании HSM ES, включая организационные меры и программно-технические средства защиты, обеспечивают надлежащий уровень защиты информации и сохранение ее конфиденциальности.
12. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі 12.1. Шарт Ұлттық орталық Қатысушы қол қойған Өтінішті және онда көрсетілген құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге қолданылады. 12.2. Қатысушы Шартты бұзу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Ұлттық орталықтың мекенжайына жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуға құқылы. Ұлттық орталық Қатысушыға Шартты бұзудың жаңа күні мен оны өзгерту себебін көрсете отырып, Өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзу күнін өзгертуге құқылы. 12.3. Ұлттық орталық Шарттың 4.2.5. және 4.2.9-тармақшаларына сәйкес, Қатысушыға Өтініште көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. 12.4. Шарт бұзылған жағдайда, Тараптар Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қатысушы	**12. Срок действия договора, порядок его изменения и расторжения** 12.1. Договор вступает в силу со дня получения Национальным центром подписанного Участником Заявления с полным пакетом документов, перечисленных в Заявлении, и действует в течение неопределенного срока. 12.2. Участник имеет право расторгнуть Договор, направив письменное уведомление в адрес Национального центра, не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до даты расторжения. Национальный центр вправе изменить дату расторжения Договора, направив сообщение по адресу электронной почты, указанному Участником в Заявлении с указанием новой даты расторжения Договора и причины её изменения. 12.3. Национальный центр имеет право расторгнуть настоящий Договор в одностороннем порядке согласно подпунктам 4.2.5. и 4.2.9 Договора, направив Участнику письменное уведомление по адресу, указанному Участником в Заявлении.

Пайдаланушыларының криптографиялық кілттеріне қатысты одан әрі жүзеге асырылатын әрекеттер туралы келісілген шешім қабылдайды. 12.5. Қатысушы Өтініште көрсетілген атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері және электрондық пошта мекенжайлары өзгерген жағдайда, осындай өзгерістер енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Ұлттық орталықты жазбаша хабардар етуге міндетті. Көрсетілген өзгерістерді енгізу Шартқа және/немесе Өтінішке қосымша келісім жасасуды талап етпейді. 12.6. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Ұлттық орталық біржақты тәртіппен жүзеге асырады. 12.7. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы хабарламаны Ұлттық орталық Шарттың жаңа редакциясын Ұлттық орталықтың интернет-ресурсында орналастыру және/немесе Қатысушыға Өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады. 12.8. Егер осы Шартта өзгеше мерзім көзделмесе, Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оның жаңа редакциясы Ұлттық орталықтың интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап күшіне енеді және Қатысушылардың Шартқа қосылған күніне қарамастан, барлық Қатысушыларға қолданылады. Бұл ретте Шарттың 4.1.5-тармағында көзделген жағдайларда онда белгіленген алдын ала хабарлау мерзімі сақталады. 12.9. Тараптар Шарт бұзылған күннен бастап бес операциялық күн ішінде өзара толық есеп айырысуды жүргізеді. 12.10.Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер тоқтатылмайды және құқық мирасқорларына өтеді.	12.4. В случае расторжения Договора Стороны принимают согласованное решение о дальнейших действиях связанных с криптографическими ключами Пользователей Участника в срок до 10 календарных дней до предполагаемой даты расторжения. 12.5. В случае изменения наименования, места нахождения, банковских реквизитов и адресов электронной почты, указанных в Заявлении, Участник обязан письменно уведомить об этом Национальный центр в течение 3 (трёх) рабочих дней с момента таких изменений. Внесение указанных изменений не требует заключения дополнительного соглашения к Договору и/или Заявлению. 12.6. Внесение изменений и дополнений в Договор производится Национальным центром в одностороннем порядке. 12.7. Уведомление о внесении изменений и дополнений в Договор осуществляется Национальным центром путем размещения новой редакции Договора на интернет-ресурсе Национального центра и/или путем направления сообщения Участнику по адресу электронной почты, указанной в Заявлении. 12.8. Изменения и дополнения в Договор вступают в силу с даты размещения его новой редакции на интернет-ресурсе Национального центра и распространяются на всех Участников независимо от даты их присоединения, если иной срок не предусмотрен настоящим Договором. При этом в случаях, предусмотренных пунктом 4.1.5 Договора, соблюдается установленный им срок предварительного уведомления.. 12.9. Стороны производят полный взаиморасчет в течение пяти операционных дней со дня расторжения Договора. 12.10. В случае реорганизации одной из Сторон права и обязанности по Договору не прекращаются и переходят к правопреемникам.
13. Өзге де талаптар 13.1. Осы Шартта тікелей көзделмеген барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады. 13.2. Қатысушы мен Ұлттық орталық Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде де, ішінара да қандай да бір басқа тұлғаға беруге құқылы емес. 13.3. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелер олардың құқық мирасқорларына өтеді.	**13. Прочие условия** 13.1. Во всем остальном, что прямо не предусмотрено Договором, Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан. 13.2. Участник, Национальный центр не вправе ни полностью, ни частично передавать кому-либо свои обязательства по Договору. 13.3. В случае реорганизации Сторон обязанности по настоящему Договору переходят к правопреемникам.

14. Ұлттық орталықтың заңды мекенжайы мен деректемелері	**14. Юридический адрес и реквизиты Национального центра**
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы мекен-жайы: A15C9T5, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., «Көктем-3» ы/а, 21 үй БСН 960440000151 экономика секторы 5, резиденттік белгісі 1, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ЖСК KZ58601A861013807291 БСК HSBKKZKX БЕК 15 ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік: серия 60001 нөмірі 0078192 Тел: +7 (727) 3-124-724	Акционерное общество «Национальная платежная корпорация Национального Банка Республики Казахстан» адрес: A15C9T5, Республика Казахстан, г.Алматы, м-н «Коктем-3», дом 21 БИН 960440000151 сектор экономики 5, признак резидентства 1, ИИК KZ58601A861013807291 в АО «Народный Банк Казахстана» БИК HSBKKZKX КБЕ 15 Свидетельство о постановке на учет по НДС: серия 60001 номер 0078192 Тел: +7 (727) 3-124-724

Цифрлық теңге платформасымен өзара іс-қимыл жасау үшін криптографиялық кілттерді шығару, сақтау және пайдалану үшін HSM ES-ке қосылу жөніндегі қызметтерді көрсету туралы қосылу шартына 1 Қосымша

Цифрлық теңге платформасымен өзара іс-қимыл жасау үшін криптографиялық кілттерді шығару, сақтау және пайдалану үшін HSM ES-ке қосылу жөніндегі қызметтерін көрсету туралы қосылу шартына сөзсіз қосылу туралы өтініш (бұдан әрі – Өтініш)

1. _____, атынан _____ тұлғасында, _____ негізінде әрекет ететін (бұдан әрі – Қатысушы) осы Өтінішке қол қою арқылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұлттық орталық) бекіткен Цифрлық теңге платформасымен өзара іс-қимыл жасау үшін криптографиялық кілттерді шығару, сақтау және пайдалану мақсатында HSM ES-ке қосылу жөніндегі қызметтерін көрсету туралы қосылу шартына (бұдан әрі – Шарт) сөзсіз қосылады және оның барлық қосымшаларын, толықтырулары мен өзгерістерін қоса алғанда, Шарттың талаптары мен ережелерін толық көлемде сақтауға міндеттенеді. Осы Өтінішті беру арқылы Қатысушы мыналарды растайды:

1) Ұлттық орталықтың (https://npck.kz/) ресми интернет-ресурсында орналастырылған Шарттың мәтінімен, Қағидалармен және HSM ES жүйесімен жұмыс істеу жөніндегі Техникалық құжаттамамен танысқанын және көрсетілген құжаттардың барлық талаптары мен шарттары оған толық көлемде түсінікті екенін;

2) Шарттың, Қағидалардың және Техникалық құжаттаманың барлық талаптарымен келісетінін;

3) Тарифтермен танысқанын және Шартта көрсетілген барлық талаптарды, құқықтар мен міндеттерді қабылдайтынын;

4) Шарттың, Қағидалардың және Техникалық құжаттаманың барлық талаптары мен шарттарын толық көлемде, ешбір ескертусіз орындау міндеттемелерін өзіне қабылдайтынын;

5) Осы Өтінішке қол қою және Шартқа қосылу үшін барлық қажетті өкілеттіктері мен құқықтары бар екенін;

6) Шарт Ұлттық орталық осы Өтінішті алған сәттен бастап жасалған болып есептелетінімен келісетінін растайды.

Өтінішті ұсынғаннан кейін Қатысушы Шартпен, Қағидалармен, Техникалық құжаттамамен және өзге де ілеспе құжаттармен, сондай-ақ Ұлттық орталық біржақты тәртіппен енгізетін және https://npck.kz/ интернет-ресурсында жариялайтын оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныспағанына сілтеме жасауға құқылы емес.

Шарттың 4.3.5-тармағына сәйкес, Қатысушы Цифрлық теңге платформасына және HSM ES жүйесіне қол жеткізу мәселелері бойынша Ұлттық орталықпен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті жауапты тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынады.

Осы Өтінішке қол қою арқылы төменде көрсетілген Қатысушының жауапты тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты орындау шеңберінде Ұлттық орталықтың өздерінің дербес деректерін жинауына, сақтауына және өңдеуіне сөзсіз келісім береді.

№	**ТАӘ**	**Лауазымы**	**Телефон нөмірі**	**E-mail**	**ДД өңдеуге келісімді растайтын тұлғаның қолы**
1					
2					
3					

Қатысушы деректер немесе уәкілетті тұлғалардың құрамы өзгерген жағдайда, осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жаңартылған мәліметтерді ұсына отырып, бұл туралы Ұлттық орталықты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

Осы Өтініш бірдей заңды күші бар екі данада жасалады және оған қол қойылады, олардың әрқайсысы Қатысушы мен Ұлттық орталық үшін бір данадан беріледі.

Осы Өтінішке мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесі;

2) заңды тұлғаның бірінші басшысын тағайындау (сайлау) туралы уәкілетті орган хаттамасының (шешімінің) көшірмесі;

3) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылғаны туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);

4) заңды тұлғаның Жарғысының (барлық өзгерістері мен толықтыруларын қоса алғанда) / Ережесінің көшірмесі;

5) өкілге берілген сенімхаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі (Өтінішке бірінші басшы қол қоймаған жағдайда).

Қатысушы: _____

Қол қоюшының Т.А.Ә., лауазымы / қолы:_____

МО

Ұлттық орталықтың алғаны туралы белгісі:

Күні _____

Қол қоюшының Т.А.Ә. / қолы: _____

Приложение 1 к Договору присоединения
о предоставлении услуг по подключению
к HSM ES для выпуска, хранения и использования
криптографических ключей для взаимодействия
с Платформой цифрового теңге

Заявление
о безусловном присоединении к Договору присоединения о предоставлении услуг по подключению к HSM ES для выпуска, хранения и использования криптографических ключей для взаимодействия с Платформой цифрового теңге
(далее - Заявление)

1. _____, в лице _____, действующего на основании _____ (далее – Участник), подписанием настоящего Заявления безусловно присоединяется к Договору присоединения о предоставлении услуг по подключению к HSM ES для выпуска, хранения и использования криптографических ключей для взаимодействия с Платформой цифрового теңге (далее – Договор), утвержденному акционерным обществом «Национальная платежная корпорация Национального Банка Республики Казахстан» (далее – Национальный центр), и обязуется в полном объеме соблюдать условия и положения Договора, включая все приложения, дополнения и изменения к нему. Предоставлением Заявления Участник подтверждает, что он:

1) ознакомился с текстом Договора, Правилами и Технической документацией по работе с HSM ES, размещенными на официальном интернет-ресурсе Национального центра (https://npck.kz/), и все требования и условия указанных документов ему понятны в полном объеме;

2) согласен со всеми условиями Договора, Правил и Технической документации;

3) ознакомлен с Тарифами и принимает все условия, права и обязанности, указанные в Договоре;

4) принимает на себя обязательства по выполнению всех требований и условий Договора, Правил и Технической документации в полном объеме, безоговорочно;

5) обладает всеми необходимыми полномочиями и правами для подписания настоящего Заявления и присоединения к Договору.

6) согласен, что Договор считается заключенным с момента получения Национальным центром настоящего Заявления.

После предоставления Заявления Участник не вправе ссылаться на то, что не ознакомился с Договором, Правилами, Технической документацией и другими сопутствующими документами, а также с их изменениями и дополнениями, вносимыми Национальным центром в одностороннем порядке и публикуемыми на интернет-ресурсе https://npck.kz/.

В соответствии с пунктом 4.3.5 Договора Участник предоставляет сведения об ответственных лицах, уполномоченных взаимодействовать с Национальным центром по вопросам получения доступа к Платформе цифрового теңге и HSM ES.

Подписывая настоящее Заявление, ответственные лица Участника, указанные ниже, выражают свое безусловное согласие Национальному центру на сбор, хранение и обработку их персональных данных в рамках исполнения Договора в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

№	**ФИО**	**Должность**	**Номер телефона**	**E-mail**	**Подпись лица, подтверждающая согласие на обработку ПД**
1					
2					
3					

В случае изменения данных или состава уполномоченных лиц Участник обязуется письменно уведомить об этом Национальный центр в течение 3 (трех) рабочих дней с даты таких изменений с предоставлением обновленных сведений.

Настоящее Заявление составляется и подписывается в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, по одному экземпляру для Участника и Национального центра.

К настоящему Заявлению прилагаются копии следующих документов:

1) копия свидетельства/справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

2) копия протокола (решения) уполномоченного органа юридического лица о назначении (избрании) первого руководителя;

3) копия свидетельства о постановке на регистрационный учет по налогу на добавленную стоимость (при наличии);

4) копия Устава юридического лица (со всеми изменениями и дополнениями) / Положения;

5) оригинал или копия доверенности на представителя (в случае, если Заявление подписывается не первым руководителем).

Участник: _____

ФИО, должность подписанта / подпись _____

МП

Отметка Национального центра о получении:

Дата _____

ФИО подписанта / подпись _____